

**Фармацевтикалық білім беру бағдарламаларының жобаларын басқару тобы (ЖБТ)
«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ ҚР ОӘК.**

2025 ж 10 ақпан

Хаттама №6

Отырыстың онлайн форматы

ЖБТ үйлестірушісі «ОҚМА» АҚ

Отырыстың басталуы: 15.00

Қатысқандар: 25 қатысушы

Модератор: Ибрагимова А.Г. – ЖБТ жетекшісі, ф.ғ.к. (фармацевтика ғылымдарының кандидаты), ОҚМА (Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы).

Қатысушылар:

1. Оразбаева П.З. – Фармация мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ.
2. Шмирова Ж.К. – ф.ғ.к., Фармацевтикалық істі ұйымдастыру және басқару кафедрасының меңгерушісі, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.
3. Сагинбазарова А.Б. – Фармацевтика ғылымдарының кандидаты, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының доценті, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ.
4. Лосева И.В. – б.ғ.к., доцент, Фармация мектебінің деканы, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ.
5. Абленова А.Т. – Биохимия және химиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, «Семей медицина университеті» КеАҚ.
6. Утепова Д. Б. – «АМУ» КеАҚ Ғылыми-зерттеу қызметі орталығының бас маманы.
7. Тулебаев Е.А. – PhD, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, «Volashaq» Академиясы.
8. Тлеубаева М.И. – PhD, қауымдастырылған профессор, ФҰЭЖКФ кафедрасының доценті, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
9. Тулегенова Г.А. – мед. ғылымдар магистрі, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ.
10. Каюпова Ф.Е. – фарм. ғылымдар к-ты, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ЖМББМ.
11. Берденов Д. К. – «Фундаменталды медицина» кафедрасының меңгерушісі, «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» КеАҚ.
12. Серикбаева А.Д. – ф.ғ.к. Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасының доценті, «ОҚМА» АҚ.
13. Кожанова К.К. – фарм.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Инженерлік пәндер кафедрасының меңгерушісі, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
14. Анарбаева Р.М. – Комитет төрағасының орынбасары, профессор, Дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының профессоры, «ОҚМА» АҚ.
15. Кантуреева А.М. – PhD, Фармацевтикалық технология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
16. Бошкаева А.К. – ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника кафедрасының доценті, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
17. Устенова Г.О. – ф.ғ.д., профессор, Фармацевтикалық технология кафедрасының меңгерушісі, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
18. Асильбаева Д. А. – Доцент, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КеАҚ.
19. Келимханова С.Е. – Профессор, Фармацевтикалық пәндер кафедрасы, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ЖМББМ.

20. Ордабаева С.К. – профессор, Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ.
21. Токсанбаева Ж.С. – профессор м.а., Дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ.
22. Орынбасарова К.К. – профессор, Фармация ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, «ОҚМА» АҚ.
23. Бабаева Г.С. – Магистр, Биохимия және химиялық пәндер кафедрасының оқытушысы, «Фармация» мамандығының үйлестірушісі.
24. Сейдалиева С.К. – фарм.ғ.м., Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасының аға оқытушысы, «ОҚМА» АҚ.
25. Туреханова А.С. – мед.ғ.м., Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасының оқытушысы.

Күн тәртібі

1. «Келесі құжаттарға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды талқылау:
 - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына 3-қосымша (Денсаулық сақтау саласындағы МЖБС)
 - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы
 - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы
 - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы
 - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы
2. Кәсіптік стандарт жобасына сәйкес 2022 жылғы «Денсаулық сақтау» КБШ-на (ОРК) енгізілетін өзгерістер

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша: Омари Азиза Мұқатайқызы

Өртүрлі ЖЖОБҰ-дан келген ОЖТ (ГУП) мүшелері нормативтік құқықтық актілерге (НҚА) өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар берді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-3 бұйрығына 3-қосымша. Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты:

Келесі мәселелер бойынша ұсыныстар қаралды:

- жоғары фармацевтикалық білім беру құрылымын нақтылау (бакалавриат, магистратура, докторантура);
- «Фармация» бағдарламалары бойынша академиялық кредиттердің жалпы көлемін арттыру (350 кредитке дейін);
- жылдық оқу жүктемесін 70 кредитке (2100 сағат) дейін арттыру;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.

Келесі мәселелер бойынша ұсыныстар қаралды:

- БП және БеП циклдары бойынша кредиттерді қайта бөлу: БП – 135/170-тен кем емес, БеП – 90/125-тен кем емес;
- жоғары фармацевтикалық білім беру құрылымын нақтылау: Академиялық дәреже: «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша фармация бакалавры.

Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қарашада № 21699 болып тіркелді.

Сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін түзету бойынша ұсыныстар қаралды, оның ішінде:

- «Фармацевт ассистенті» мамандандыруын нақтылау;
- Мамандандырулар тізіміндегі өзгерістер:
 1. Фармация менеджменті
 2. Клиникалық фармация
 3. Фармациядағы сапаны басқару
 4. Радиациялық фармация

Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы.

Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасына енгізілетін өзгерістер талқыланды, оның ішінде:

«Радиациялық фармация» мамандандыруын алып тастау;

«Фармацевт (провизор)» және «Фармацевт ассистенті» лауазымдарын ажырату;

«Сапаны басқару жөніндегі маман» лауазымын енгізу;

Клиникалық және радиациялық фармацевттің біліктілік сипаттамаларын нақтылау;

«Инспектор» және «Дәрілік заттар өндірісі жөніндегі инженер-технолог» лауазымдарын алып тастау.

Шешім:

- «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ РОӘК (УМО РУМС) отырысында фармацевтикалық білім беру бағдарламалары ОЖТ-ның (ГУП) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына 3-қосымша «Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарын қарау ұсынылсын (салыстырмалы кесте қоса беріледі).
- «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ РОӘК отырысында фармацевтикалық білім беру бағдарламалары ОЖТ-ның Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарын қарау ұсынылсын (салыстырмалы кесте қоса беріледі).

Екінші мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Азиза Мұқатайқызы әзірленген Кәсіптік стандарт жобасына сәйкес 2022 жылғы «Денсаулық сақтау» КБШ-на (ОРК) енгізілетін өзгерістерді жариялады. «Фармацевтикалық қызмет» кәсіптік стандартының жобасы аясында «Денсаулық сақтау» КБШ-на (2022 ж.) өзгерістер енгізу және соған байланысты лауазымдар жіктеуіштері мен номенклатураларына енгізілетін өзгерістер қаралды, оның ішінде:

3.2-кестені – жоғары фармацевтикалық білімі бар мамандар лауазымдарының номенклатурасын түзету:

- «Фармациядағы сапа жөніндегі менеджер» лауазымын алып тастау;
- тұжырымдаманы «Уәкілетті тұлға» немесе «Жауапты тұлға» деп ауыстыру;
- «Инспектор» лауазымын дербес позиция ретінде алып тастау;
- инспектор функциялары «Фармацевт (провизор)-ұйымдастырушы» мамандық карточкасына енгізілуі мүмкін екенін нақтылау.

3.4-кестедегі өзгерістер (МЖЖ (НКЗ) 2262-1):

- 2262-1-002 «Фармацевт (провизор)» кодын «Фармацевт (провизор)-ұйымдастырушы» деп ауыстыру;
- 2262-1-003 «Фармацевт (провизор)-инспекторды» алып тастау;
- 2262-1-006 тұжырымдамасын «Фармацевт (провизор)-технолог» деп нақтылау;
- «Фармацевт (провизор)» мамандығына: фармацевт-аналитик, фармацевт-технолог, химик-токсиколог, фармацевт-ұйымдастырушы кәсіптері кіретінін бекіту.

МЖЖ (НКЗ) 2262-2-дегі өзгерістер:

- «Фармацияны басқару және оның экономикасы жөніндегі фармацевт (провизор)» лауазымын алып тастау;
- «Фармацевт (провизор)-тауартанушыны» және 2262-2-001 «Фармацияны басқару және оның экономикасы жөніндегі фармацевт (провизорды)» алып тастау;
- лауазымдар тізбесін қолданыстағы НҚА-ға сәйкес құрылымдау.

Біліктілік деңгейлері бойынша Жауапты тұлға лауазымдарын енгізу:

- 6.1 деңгейі – Сапаға жауапты тұлға (бөлшек саудада өткізу);
- 6.2 және 6.3 деңгейлері – Жауапты тұлға (көтерме саудада өткізу).

«Радиациялық фармацевт» кәсібінің карточкасын кеңейту:

- жана кәсіптерді қосу: радиохимик-технолог, радиохимик-аналитик, РФЛП сапасын қамтамасыз ету жөніндегі маман, РФЛП сапасын бақылау зертханашысы;
- ядролық медицина және қолданыстағы НҚА талаптарына сәйкес білімді, дағдыларды және кәсіби құзыреттерді өзектендіру.

Шешім:

- «Астана медицина университеті» КЕАҚ-ның мамандардың кәсіби рөлдері мен жауапкершілік деңгейлерін жүйелеуге бағытталған 2022 жылғы «Денсаулық сақтау» КБШ-на (ОРК) және «Фармацевтикалық қызмет»

кәсіптік стандартының жобасына өзгерістер енгізу туралы бастамасы
қолдалсын.

ЖБТ басшысы



Ибрагимова А.Г.

Хатшы



Туреханова А.С.